

**Облыс әкімінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 293 "Заңсыз жолмен ауланған балықты тапсыруды тәртіпке келтіру туралы" және 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 441 "Облыс әкімінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 293 "Заңсыз жолмен ауланған балықты тапсыруды тәртіпке келтіру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімдерінің күші жойылуы туралы**

Атырау облысы әкімінің шешімі 2002 жылғы 31 мамыр N№439. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 14 маусымда N 1006 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Заңының 29 бабына сәйкес шешім етемін:

1. Заңсыз ауланған балық пен балық өнімдерін сатып алу тәртібі туралы ереже бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Облыс әкімінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 293 "Заңсыз жолмен ауланған балықты тапсыруды тәртіпке келтіру туралы", 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 441 "Облыс әкімінің 1999 жылғы 28 желтоқсандағы N 293 "Заңсыз жолмен ауланған балықты тапсыруды тәртіпке келтіру туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімдерінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Ищановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2002 жылғы

N 439 шешіміне 1-қосымша

Заңсыз ауланған балық пен балық өнімдерін  
сатып алу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Z010144\_ Заңына, Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Z020321\_ Заңына, есепке алу және болашақта пайдалану, соның ішінде Қазақстан Республикасы 2000 жылғы 28 қыркүйектегі N№1467 Үкімет P001467\_ Қаулысымен бекітілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен мүлікті өткізу Ережелеріне, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1994 жылғы 10 қазандағы N№250"а" бұйрығымен бекітілген "Тәркіленген, иесіз мүліктерді және мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүліктерді, қазына, олжаларды, сонымен бірге қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастарды есепке алу, бағалау және өткізу тәртібі туралы" Нұсқаулыққа, 1998 жылғы 12 қарашадағы N№121 " Соттардың, прокуратура, алдын-ала тергеу, анықтау сот сараптамасы органдарының қылмыстық, азаматтық істер жөніндегі және әкімшілік құқық бұзушылық істері туралы құжаттарды, заттай дәлелдемелерді алу, есепке алу, сақтау, беру және жою тәртібі туралы" Нұсқаулыққа V980658\_ сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже заңсыз ауланған балық пен балық өнімдерін (алға қарай - балық) ілгері қарай өңдеуге және өткізу үшін сатып алу, осы балық өнімін өткізуден түскен қаражаттың мемлекет кірісіне түсуін қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

## 2. Балық сатып алу құқығына арналған конкурсты өткізу тәртібі

2.1. Облыс әкімінің шешімімен облыс әкімі аппараты, салық комитеті, балық шаруашылығы басқармасы, облыстық санитарлық эпидемиологиялық станция, биоресурстарды қорғау жөніндегі Солтүстік Каспий аймақтық мекемесі өкілдерінен құрамы 5 адамнан тұратын конкурстық комиссия құрылады.

2.2. Балық сатып алу құқығына арналған конкурсты ұйымдастырушы Атырау облысы бойынша салық комитеті, комиссияның жұмысшы органы Атырау облысы бойынша балық шаруашылығы басқармасы болып табылады.

2.3. Конкурстық комиссияның алдын ала өтетін мәжілісінде конкурстың мерзімі мен шарты анықталады. Алдағы конкурс пен конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2.4. Конкурстық комиссияның шешімдері оның мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады және барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

2.5. Комиссия қызметінің бір жолғы сипаты бар, комиссия конкурс жеңімпазы туралы шешім қабылдайды, осы шешімді алумен байланысты комиссия қызметі аяқталады.

2.6. Конкурс қорытындысы бойынша балық сатып алу құқығының жеңімпазы ( жеңімпаздары) анықталады, онымен келісім-шарт жасалады, оған салық комитеті мен

жеңімпаз қол қояды.

### 3. Өнімді қабылдау, сақтау және есепке алу тәртібі

3.1. Конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) (мәтін бойынша ілгері қарай - Оператор) конкурстың шартына сәйкес құқық қорғау, табиғат қорғау және өзге де қатыстырылған мемлекеттік органдардан тәркіленген өніммен қабылдау торабы бөлімдерін қамтамасыз етуге міндетті.

3.2. Барлық иесіз, тәркіленген, заңды бұзушылардан алынған балық әрі қарай сату үшін жүкқұжат бойынша Операторға тапсырылады.

3.3. Жүкқұжатқа фамилиясын, атын, тегін, қызметін, жұмыс істейтін ведомствосын, органын, ұйымын көрсетіп балықты тапсырған тұлға және қызметін, фамилиясын, атын-тегін көрсетіп, балықты қабылдаған тұлға қол қояды.

Жүкқұжатта тапсырған балыққа дайындалған алыс-беріс актінің күні, уақыты, саны, салмағы, атауы (түрі), бағасы, қандай материал (әкімшілік, қылмыстық, иесіз және т.б.) сондай-ақ, балық тартып алынған тұлғаның фамилиясы, аты, тегі көрсетіледі.

Жеткізілген балық сапасын оператормен органолептикалық бағалауы арқылы тапсырылған балықтың сапасы туралы алдын ала мәліметтер көрсетіледі.

3.4. Бұзылған және оның сапасы мен бағыт бойынша оны әрі қарай пайдалану мүмкіндігіне шүбә туғызатын өнім барында, сондай-ақ, тараптар арасында дау, келіспеушілік болған жағдайда облыстық санитарлық эпидемиологиялық стансасы сапасы туралы тұжырымдама берумен осы өнімнің зертханалық талдауын жүргізуге тиісті.

Облыстық санитарлық эпидемиологиялық стансасымен пайдалануға жарамсыз деп таныған өнім заңнамаға сәйкес жойылады.

3.5. Жүкқұжат 3 данада әзірленіп, тараптардың қойған қолымен, және мөрімен куәландырылады. Бір данасы операторға, екіншісі балықты тапсырған тұлғаға, үшіншісі салық комитетіне беріледі.

### 4. Оператор

4.1. Оператор міндетті:

1) тапсырылған балық пен балық өнімін оны өткізуге дейін тиісінше сақтау,

сақталуын қамтамасыз етуге; тапсырылған өнімнің кемдігі, жоғалуы, ұрлануы, тиісінше сақтамау салдарынан тапсырылған балық жарамсыз күйге ұшырап, бағыт бойынша әрмен қарай пайдалануға келмейтіні анықталған кезде оператор барлық шығындарды өтеумен, азаматтық заңнаманың нормасына сәйкес жауап береді. Қажетті жағдайда материалдарды сот-тергеу орындарына беру туралы мәселе шешілуі мүмкін. Осы мәселе бойынша материалдарды Атырау облысы бойынша салық комитеті дайындайды;

2) құқық қорғау және басқа органдардан балықты кедергісіз және тәулік бойы қабылдауды қамтамасыз етуге;

3) облыстық салық комитеті жанындағы тәркіленген мүліктің нарықтық бағасын белгілеу комиссиясымен балықтың бағасы анықталған соң аталған соманы бюджетке аударуға.

4.2. Атырау облысы бойынша салық комитеті осы балықты өткізуден түскен қаржының бюджетке уақытылы түсуіне бақылау жүргізеді.

4.3. Облыстық ішкі істер органдарына түскен алынған балық пен балық өнімдері сатылуға жатады, кейіннен алынған соманы алдын ала тергеуді жүргізетін органның депозиттік есеп шотына салынады.

/Маман: Ержанова К.С./